

КМҚҚ №29 «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасы

«Бекітілді»
МКҚҚ №29 «Нұрсая» бөбекжай-
балабақша
директоры Б.О.Мұғауова
«21» тамыз 2019ж
№1 педагогикалық кеңесте
шешім негізінде №50 буйрық



2019-2020 оқу жылына арналған вариативтік компонент
«Үлттық ойындар»
(36 сағат)
Ортаңғы топ

Тұсінік хат

Абай Құнанбаев: «Ойын ойап, ән салмай, өсер бала бола ма?»

Ойын-мектеп жасына дейінгі балалар іс-әрекеттерінің негізгі түрі. Ойын –баланың, бүкіл балалар коллективінің дамуында басты роль атқарады. Балалар ұлттық ойындар арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін таныстыру қолға алынған. Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс-әрекетін өз түсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаган ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды аңғарады көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Олар бірдене жасап қана қоймайды, сондай-ақ заман ағымына да белсене қатысады.

Аса көрнекті үздік педагог Н. К. Крупская қимылды ойын жөнінде былай деп толғанады: «ойын-өсіп келе жатқан бал организмінің қажет. Ойында баланың дene күші артады, қолы қатайып, денесі шындала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі. Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасып шындалады». Ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен, дene бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор. Мысалы келтіріп кетсе: «қуыр- қуыр, қуырмаш» ойыны балалардың саусақ маторикасын дамытуға, тіл байлығын жетілдіруге, көңілін көтеруге қолдануға болады.

Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен, ойната отырып жан-жақты тәрбиелейміз. Ойын-балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылысын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. «адам өркениетке бейм болуы үшін балалық шақты бастан кешуі міндетті, егеройын мен қызыққа толы балалық шақ болмаса, ол мәңгілік жабайы болып қалған болар еді» деп К. Чуковский бала денесінің дамуы мен ой-дүниесінің өркен жауы ойынға тікелей тәуелді екендігін атап көрсеткен. Баршамызға белгілі, ойын арқылы баланың дene құрылышы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырылық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Ойын дегеніміз-жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді. Ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығуы анық байқалады. Ойын мазмұны мен түріне қарай: Мазмұнды –бейнелі, қимыл-қозғалыс, дидактикалық, құрылыш, кейіптендіру ойындары болып бөлінеді. Мазмұнды-бейнелі ойында балалар ойын мазмұны түсінікті етіп жеткізуге тырысады, оған қажетті құрал-жабдықтарды табуға талпынады, оларды дайындау үшін

еңбектенеді, ал еңбек ұжымдық іс-әрекетке біріктіреді және шығармашылық іс-әрекетке бағдарлайды, балалардың өзара қарым-қатынасын реттеп, олардың бойында адамгершілік сапаларды қалыптастырады. Қимыл-қозғалыс ойынында балалар санамақтар, өлеңдер, тақпақтар қолданады. Бұндай ойындарда балалардың ептілігі, қимылдың әдемілігі дамып қалыптасады, кеңістікті, уақытты бағдарлауға үйренеді, батылдық, тапқырлық, қайраттылық, достық, жолдастық көмек, тәртіліптілік, ойын ережесіне бағына білу сияқты адамгершілік сапалар тәрбиеленеді. Бала өмір құбылыстарына, адамдарға, жануарларға деген ынтасын, қоғамдық мәні бар іс-әрекетке деген құштарлығын ойын арқылы қанағаттандыратындықтан, ойынның қай түрі болсын балалардың адамгершілік тәрбиесінің дамуында маңызды рөл атқарады. Ойында шындыңтың көрінісі, оның бейелі сәулесі қылаң береді. Жалпы ойынга тән нәрсе өмірдің әртүрлі құбылыстары мен үлкендердің түрлі іс-әрекеттеріне еліктеу екені белгілі. Ойынның шартты түрдегі мақсаттары бар, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекеттері бала үшін қызықты. Балаларға ақыл-ой, адамгершілік, дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі ойында жатыр. Ойын барысында балалар өзін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқатады. Сезіну қабылдау, ойлау, қиялдау, зейін қою, ерік арқылы түрлі психикалық түйсік пен сезім әлеміне сұнгиді. Сондықтан да педагогикада бала ойынына ерекше мән беріледі, өйткені ойын үстінде қалыптасатын балалық шақтың түйсігі мен әсері адамның көңіліне өмірбақи өшпестей із қалдырады. Бала ойын арқылы өзін толқытқан қуанышын немесе ренішін, асқақ арманын, мұрат-мұддесін бейнелесе, күні ертең сол арман қиялын өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Сөйтіп бүгінгі ойын, бейнелі әрекет ертеңгі шындық ақиқатқа айналатын кезі аз емес. Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына иғі ықпал ететін жетекші, басты құбылыстың бірі деуге болады. Бала ойын арқылы өзінің күш-жігерін жаттықтырады, қоршаған орта мен құбылыстарды ақиқат сырын ұғынып, еңбек дағдысына үйрене бастайды. Былайша айтқанда болашақ қайраткердің тәрбие жолы, тәлімдік өнегесі ойыннан бастап өрбиді. Ұлттық ойындардың адамға тигізетін пайдасын халық ертеден-ақ білген. Алғашқы қауымдық құрылыш, ертедегі тайпалардың одаққа біріккен дәуірлері ұлт ойындарының едеуір дамыған кезеңі болды. Көшпелі өмір кешіп, мал баққан тайпалардың көзін ашқаннан көрген театры да, өнеріде, көніл көтерер қызығы да осы ұлт ойындары еді. Халық арасында «Денсаулық –зор байлық» деп тегін айтылмаған. Бұл арқылы халық даналығы тіршіліктің негізгі көзі осы денсаулық екенін тағы ескертеді. Адамның денаулығы жас кезінен бастап қалыптасуы керек. Демек, кезінде ойындарды көп ойнап, жүгіріп, далада, таза ауада жүру-жас организнің дұрыс та сергек өсуінің көзі. Онымен бірге бұлдіршіндер ойын ойнаған кездे көпшіл, Отанның болашақ азаматы болуға, халқына адал қызмет етуге бағыт алады.

Мақсаты:

Балалардың жалпы адамзаттың құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік түрғысынан) тәрбиелеу. Халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыру. Балаларды халқымызға тән әдептілік, қонақжайлыш, мейірімділік, т.б. сияқты қасиеттер, табигатқа деген қарым-қатынасындағы біздің халыққа тән ерекшеліктерді үрету. Балаларға өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы таныту. Балалардың денсаулығын нығайтып, ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сініріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Денсаулықтарын нығайтуда бағытталған ойын түрлерін менгеруге көмектесу.
- түрлі ойынға тарту арқылы шындау, ұмтылдыру, бірнеше рет бір ойынды ойнату барысындағы баланың физиологиялық өзереісімен қатар психологиялық түрғыдан сенімділігінің арттыру
- Өмірге көз қарасын ояту;
- Жақсыға үйретіп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу;

Күтілетін нәтижелер:

- Ойындарды өз еркімен қолдана алады.
- Сөздік қоры байыды.
- Баланың дene күші, қолы қатайып, денесі шындалады түседі.
- Баланың зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі.

Ойынмен жұмыс барысында бағдар жолы:

1. Ойын шартымен танысу.
2. Ойын ережелерімен таныстыру.
3. Ойынды жаттау.
4. Ойынды өткізу.

Бағдарламаның мазмұны:

Бұл бағдарлама мектепалды даярлық тобының балаларының бойында тапқырлық, ұйымдастырушулық, шыдамдылық, белсенділік, ойлау қасиеттерін қалыптастырады.

Бағдарламаға қазақ халқының ұлттық ойындар жинағы және халық ауыз әдебиетінен санамақтар, өлеңдер, жаңылтпаш, жұмбақ енгізілді.

Бағдарлама аптасына 1рет-32сағаттан жоспарланған.

Бұл бағдарлама

-Ақыл-ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді, тәрбиелейді.

-ерік және міnez қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.

-Ұжымдық сезім іректтері өсеп түседі.

-Эстетикалық тәрбие беру-өнерді, көркемдікті түсіндіру құралына айналады.

-енбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.

-дене күшінің жетілуіне көмектеседі-онын баланы жан-жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады деп ойлаймын.

Айы	Тақырыбы	Мақсаты	Жүру барысы	Көрнекілік	сағат
Кыркүйек	Тақырыбы: «Ұлттық ойындар»	Ұлттық ойындар туралы түсінік беру. Ұлттық ойындардың түрлері мен мазмұның ашу. Ойындарды орынды пайдалана білуге үйрету.	1. Түсіндіру 2. сұрақ жауап арқылы әңгімелесу. 3. Қорытынды.	Көрнекіліктер	1
Кыркүйек	Тақырыбы: «Ұлттық ойындар деген не?»	Ұлттық ойындар туралы балаларға мағлұмат берсе отырып олардың қазақ балалары үшін маңызы зор екенін айтып. Ойын түрлерімен таныстыру.	1. түсіндіру 2. Сұрақ-жауап арқылы әңгімелесу 3. Қорытынды	Көрнекіліктер	1
Кыркүйек	Тақырыбы: «Аңға байланысты ойындар.»	Аңға байланысты ойындар туралы түсінік беру. Балаларды ойын шартымен, мақсатымен таныстыру. Ойлау, қиялдау ептіліктерін тәрбиелеу.	1 Түсіндіру. 2. сұрақ-жауап 3. Ойынның жүру барысын түсіндіру 4. Қорытынды	Көрнекіліктер ойын элементтері	1
Кыркүйек	Тақырыбы: «Дос болайық бәріміз»	Достық құндылығы туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру. Өзара сыйластық достыққа, сүйіспеншілік туралы түсінік беру. Ойын арқылы ауызбіршілікке тәрбиелеу.	1. Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап арқылы әңгімелесу. 3 Қорытынды.	Көрнекіліктер	1

Қазан	Тақырыбы: «Арқан тарту»	Ұлттық ойындар туралы балаларға мағлұмат бере отырып олардың қазақ балалары үшін маңызы зор екенін айтып. Ойын түрлерімен таныстыру.	1. Түсіндіру 2. сұрақ-жауап 3. Ойынның жүргізу барысында түсіндіру. 4. Қорытынды.	Түрлі суреттер, материалдар, арқан, ұлттық ойын элементі	1
Қазан	Тақырыбы: «Шеберхана»	Ойындарға бетбейнелер жасау. Жұмысты таз, ұқыпты, жұмысты бірігіп жасауға тәрбиелу.	1. Түсіндіру 2. сұрақ жауап арқылы әңгімелесу. 3. Қарандашпен жұмыс 4. Қорытынды	Суреттер Сурет салу элементтері	1
Қазан	Тақырыбы: «Ақсерек-көксерек»	Балалармен ойын сөздерін жаттау. Ойының шартымен таныстыра отырып балаларды шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелу.	1. Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап 3. Ойынның жүргізу барысын түсіндіру. 4. Қорытынды	Түрлі суреттер, материалдар, арқан, ұлттық ойын элементі.	1
Қазан	Тақырыбы: «санамақтар»	Санамақтар туралы түсінік беру Санамақтар жаттау.	1. Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап арқылы әңгімелесу. 3. Жаттау. 4. Қорытынды	Түрлі суреттерсанамақ	1
Караша	Тақырыбы: «Аңшылар мен қояндар»	Ойынның үстінде шартын бұзбай ойнауға, жолдастық көмекке тәрбиелу.	1. Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап 3. Ойынның жүргүбарысын түсіндіру. 4. Қорытынды.	Жануарлар маскасы ойын элементтері	1

Қараша	Тақырыбы: «Кішкентай достарым»	Достық ұғымын түсіндіріп, құндылығы туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру. Өзара сыйластық достық сүйіспеншілік туралы түсінік беру.	1. Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап арқылы әңгімелесу. 3. Қорытынды.	Көрнекіліктер	1
Қараша	Тақырыбы: «Ордағы қасқыр»	Жыртқыш жануарлар туралы мәлімет беру. Ойынның бөліктерін бекіту. Ойын кезінде шартын бұзбай ойнауды ескеरту.	1. Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап 3. Ойынның жүру барысын түсіндіру. 4. Қорытынды.	Жануарлар атрибуттары	1
Қараша	Тақырыбы: «Біздің ойындар»	Балаларға ойнаған ойындар туралы сурет салуға үйрету. Көрме ұйымдастыру. Альбом жасау.	1.Түсіндіру 2. Сұрақ жауап арқылы әңгімелесу. 3. Қарандашпен жұмыс. 4.Қорытынды.	Көрнекіліктер сурет салғыш құралдар.	1
Желтолқсан	Тақырыбы: «Соқыртеке»	Ойын шартымен, мақсатымен таныстыру. Ойынға құралдарды тандап, ойын өткізу. Балаларды шапшандыққа, достыққа тәрбиелеу.	1түсіндіру 2. сұрақ-жауап 3.Ойынның жүру барысын түсіндіру. 4. Қорытынды	Ойын элементтері көрнекіліктер	1
Желтолқсан	Тақырыбы: «Санамақтар. Өлеңдер.»	Санамақтар туралы түсініктерін әр қарай бекіту. Санамақтар ойына кездесетін өлеңдер жаттау.Балалардың тілдерін дамыту, сөздік қорын байыту.	1.Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап арқылы әңгімелесу. 3. Жаттау 4.Қорытынды	Көрнекіліктер санамақтар	1

Желтоксан	Тақырыбы: «Түйе мен бота»	Үй жануарлар туралы балалардың білімдерін бекіту. Түйенің пайдалығы мен керектігі туралы әңгімелесу. Балаларды жылдам қозғалуға тәрбиелеу.	1. Тұсіндіру 2. Сұрақ-жауап 3. Ойынның жүру барысын тұсіндіру. 4. Қорытынды	Көрнекіліктер үй жануарлардың атрибуттары	1
Желтоксан	Тақырыбы: «Біздің ойындар»	Балаларды ойнаған ойындар туралы сурет салуға үйрету. Көрме үйымдастыру. Альбом жасау.	1. Тұсіндіру 2. Сұрақ-жауап арқылы әңгімелесу. 3. Қарандашпен жұмыс 4. Қорытынды	Көрнекіліктер сурет салғыш құралдар	1
Қантар	Тақырыбы: «Орамал тастамақ»	Ұлттық ойындар туралы балаларға мағлұмат берсе отырып олардың қазақ балалары үшін маңызы зор екенін айтып. Ойын түрлерімен таныстыру.	1. Тұсіндіру 2. Сұрақ-жауап 3. Ойынның жүру барысын тұсіндіру. 4. Қорытынды	Көрнекіліктер мен ойын элементтері	1
Қантар	Тақырыбы: «түрлі заттармен ойналатын ойындар»	Түрлі заттармен ойналатын ойындар туралы тұсінік беру. Балалардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамыту.	1. Тұсіндіру 2. Сұрақ-жауап арқылы әңгімелесу. 3. Ойынның барысын тұсіндіру. 4. Қорытынды.	Көрнекіліктер ойын элементтері	1
Қантар	Тақырыбы: «Ақшамшық «(сақина салу)	Балалардың зейінділік пен тапқырлықтарын дамыту. Өзара қарым-қатынас жасау тәрбиелеу.	1. Тұсндару 2. Сұрақ-жауап 3. Ойынның жүру барысын тұсіндіру. 4. Қорытынды	Көрнекіліктер ойын элементтері	1

Қантар	Тақырыбы: «Шеберхана»	Ойындарға бетбейнелер жасау. Жұмысты таза, ұқыпты, жұмысты бірігіп жасауға тәрбиелеу.	1. Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап арқылы әңгімелесу. 3. Қарандашпен жұмыс 4. Қорытынды	Көрнекіліктер сурет салатын құралдар	1
Ақпан	Тақырыбы: «Түйе мен бота»	Үй жануарлар туралы балалардың білімдерін бекіту. Түйенің пайдалығы мен керектігі туралы әңгімелесу. Балаларды жылдам қозғалуға тәрбиелеу.	1. Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап 3. Ойынның жүргүй барысын түсіндіру. 4. Қорытынды.	Көрнекіліктер ойын элементтері атрибуттар	1
Ақпан	Тақырыбы: «Ағаш аяқ»	Балалардың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттерін қалыптастыру.	1. Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап 3. Ойынның жүргүй барысын түсіндіру. 4. Қорытынды	Көрнекіліктер ойын элементтері атрибуттар	1
Ақпан	Тақырыбы: «Ақшамшық» (Сақина салу)	Балалардың зейінділік пен тапқырлықтарын дамыту. Өзара қарым-қатынас жасау тәрбиелеу.	1. Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап 3. Ойынның жүргүй барысын түсіндіру. 4. Қорытынды	Көрнекіліктер ойын элементтері.	1
Ақпан	Тақырыбы: «Бестас».	Балаларда шапшандық қасиеттерін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс жасау қабілеттерін арттыру.	1. Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап 3. Ойынның жүргүй барысын түсіндіру. 4. Қорытынды.	Көрнекіліктер ойын элементтері.	1

Наурыз	Тақырыбы: «Отанға сүйіспеншілік»	Балаларға өз Отаны туралы түсініктерін кеңейту. Тұған жеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту.	1. Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап арқылы әңгімелесу. 3. Қорытынды.	Көрнекіліктер.	1
Наурыз	Тақырыбы: «Тенге алу»	Жылдамдықты, белсенділікті, шапшаңдықты, тапқырлықты, ұйымшылдықты қалыптастыру.	1. Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап 3. Ойынның жүру барысын түсіндіру. 4. Қорытынды.	Көрнекіліктер ойын элементтері.	1
Наурыз	Тақырыбы: «Асық ойыны»	Балалар асық туралы түсінік беру. Төзімділік, икемділік, ептілік қасиеттерін дамыту. Еңбексүйгіштікке, мәдениеттілікке, тәрбиелеу.	1. Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап 3. Ойынның жүру барысын түсіндіру. 4. Қорытынды.	Көрнекіліктер ойын элементтері.	1
Наурыз	Тақырыбы: «Біздің ойындар»	Балаларды ойнаған ойындар туралы сурет салуға үйрету. Көрме ұйымдастыру. Альбом жасау	1. Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап арқылы әңгімелесу. 3. Қарандашпен жұмыс 4. Қорытынды	Көрнекіліктер сурет салу құралдары	1
Сәуір	Тақырыбы: «Жаяу көкпар»	Балаларды жылдамдылық, төзімділік, ерік жігерлік, батылдық, шапшаңдық қасиеттерін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс жасау қабілеттерін арттыру.	1. Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап 3. Ойынның жүру барысын түсіндіру. 4. Қорытынды.	Көнекіліктер ойын элементтері	1

Cəyip	Тақырыбы: «Айгөлек»	Балаларды шапшаңдық қасиеттерін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс жасау қабілеттерін арттыру.	1. Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап 3. Ойынның жүру барысын түсіндіру. 4. Қорытынды.	Көнекіліктер ойын элементтері	1
Cəyip	Тақырыбы: «Қыз қуу»	Балаларда байсалдылық, жауапкершілік, тәртіптілік, мәдениеттілік қасиеттерін дамыту.	1. Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап 3. Ойынның жүру барысын түсіндіру. 4. Қорытынды.	Көнекіліктер ойын элементтері	1
Cəyip	Тақырыбы: «Ақ қоян»	Ойын шартымен, мақсатымен таныстыру. Ойынға қуралдарды тандап, ойын өткізу. Балалары шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелу.	1. Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап 3. Ойынның жүру барысын түсіндіру. 4. Қорытынды.	Көнекіліктер ойын элементтері	1
Mamyr	Тақырыбы: «Құміс ілу»	Балаларда шапшаңдық қасиеттерін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс жасау қабілеттер арттыру.	1. Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап 3. Ойынның жүру барысын түсіндіру. 4. Қорытынды.	Көнекіліктер ойын элементтері	1
Mamyr	Тақырыбы: дені саудың жаны сау»	Балаларға «Дені саудың, жаны сау!» ұғымының мағынасын ашып түсіндіру. Денсаулықтың адам өміріндегі маңызы зор екенін түсіндіру. Бір-біріне қамқорлыққа тәрбиелу.	1. Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап арқылы әңгімелесу. 3. Қорытынды.	Көрнекіліктер	1

Мамыр	Тақырыбы: «Біздің ойындар»	Балаларды ойнаған ойындар туралы сурет салуға үйрету. Көрме ұйымдастыру. Альбом жасау.	1. Түсіндіру 2. сұрақ жауап арқылы әңгімелесу. 3. Қарындашпен жұмыс Корытынды.	Көрнекіліктер сурет салу құралдары.	1
Мамыр	Тақырыбы: «Құлышақ»	Балалар ұлттық ойындар жайлы түсініктерін бекіту, олардың атқаратын рөлін анықтау. Ұлттық ойындардың түрлері мен мазмұнын ашу. Ойындарды орынды пайдалана білуге үйрету.	1. Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап 3. Ойынның жүргү барысын түсіндіру. 4. Корытынды.	Көрнекіліктер ойын элементтері.	1